

«Керемет» бастауыш мектеп балабақша кешені

«Балдырған» ересек тобының жылдық есебі

Тәрбиешілер: Абдикадилова Г.

Ахметова А.

2021-2022ж

«Балдырған» ересек тобының 2021-2022 жылдық есебі

Оқу жылының басында 25 бала қабылданды. Олардың ішінде 11ұл 14қыз бала қабылданды. Оқу жылының басында Ахлаева Айнұр Полатқызы топ тәрбиешісі болып тағайындалды.

Тәрбиешісі: Ахлаева. А

Еңбек өтілі: 2 жыл

Білімі: Арнайы орта білімді

Оқу жылының басынан бастап «Үлгілік» бағдарламасы бойынша жұмыс жасалды. Бес білім саласы бойынша жұмыс жүргізілді. Білім салалары: **«Денсаулық», «Таным», «Әлеуметтік орта», «Шығармашылық», «Коммуникация».**

«Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру оқу қызметінен жыл бойы сап тізбекте бір-бірлеп жүру, ирелеңдеп жүру, басты көтеріп тепе-теңдікті сақтап жүруді, допты домалатуды, бір-біріне беруді жалпы жаттығуларды дұрыс және ретімен орындауды үйренді.

«Таным» Білім беру саласы: Математика оқу-қызметінен 1-10 дейінгі цифрлармен танысып, сандар жайлы тақпақтар жаттады. Геометриялық пішіндердің аттарын атап, түстерін атап, заттарды тани алды.

«Шығармашылық» Білім беру саласы: Ән-саз оқу-қызметі бойынша «Күз» әні, «Келді міне жаңа жыл» «Тәуелсіз Қазақстаным», «Елін сүйген елбасы» «Тәрбиешілер» «Анажаным» т.б. әндерін айтты.

«Шығармашылық» білім беру саласы: Жапсыру оқу қызметінде төрт бұры, үшбұрыш, шаршы, дөңгелек қиюды, қайшымен жұмыс жасай отырып, қауіпсіздік ережесін сақтауды үйренді.

«Шығармашылық» білім беру саласы: Мүсіндеу лқу қызметінен мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрене отырып ермек сазбен жұмыс жасай алуды меңгерді.

«Шығармашылық» білім беру саласы: Сурет оқу қызметі бойынша түстерді және бояуды, дұрыс таңдай білуді, қанық және ашық түстерді ажырата отырып, ұқыпты түрде жұмыс жасай алуды, қылқаламды дұрыс пайдалана білу қабілеті артты. Суретті қызықты және ұқыпты салуды үйренді.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы: Қ Қоршаған орта оқу қызметінен жыл мезгілдерімен танысты. Адам тіршілігімен қатар өздері туралы да, отбасында қолданатын заттарды атай алуға оларды орнымен пайдалануды үйренді, сонымен қатар 4 жыл мезгілін ажырата біліп, киетін киімдерімен табиғат құбылыстарын бақылауды (Күннің бұлттануы, жаңбырдың жаууы, күннің ашықтығын, желдің болуын, жұлдыздың жарықтығын. т.б.) үйренді.

«Экология» білім беру саласы: Экология оқу қызметінен табиғаттың өзгерістерін бақылауды, ауа-райының өзгерістерін әңгімелеуді, суреттеуді, өсімдіктерге жанашырлық танытуды, үй жануарлары мен жабайы жануарлардың ерекшелігімен танысты.

«Коммуникация» білім беру саласы: Тіл дамыту оқу қызметі бойынша, сөздің таза әрі анық айтылып жеткізілуін, қатты және жай сөйлеуді, сөйлеу барысында дұрыс тынысталуды үйренді.

«Коммуникация» білім беру саласы: Көркем әдебиет оқу қызметінен тақпақты жатқа айтуға дағдыланды. Отбасы мүшелерін, мамандық иелерін атауды, мамандықтармен танысуды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренді. Ертегілерді тиянақты әрі бар ынтасымен тыңдауды сөздік қорын кеңейту жақсылық жасай білуді үйренді.

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айынан бастасақ.

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту ұйымдарының базалық жоспары, білім беру саласы бойынша ұаоқ бойынша жұмыстар, жылдық жоспарым құрылды.

«Балдырған» ересек тобындағы ұйымдастырылған оқу оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут.

Өткізілген мерекелік іс-шаралар.

Қыркүйек айының 1-ші жұлдызында «1- қыркүйек Білім күніне» орай ертеңгілік өткізілді.



Қазан айының 3-ші жұлдызы күні «Ұстаздар күніне» орай ұйымдастырылған ашық оқу қызметі өткізілді. Және ол әріптестер арасында жоғары дәрежеде бағаланды.



Қараша айының 6-шы жұлдызы күні «Алтын күз» атты мерекелік іс шара өткізілді. Балалар мерекелік іс –шараға сай киінген. Іс-шараға күз ханшайымы

қонаққа келді. Балалар күз мезгілі жайлы тақпақтар айтып би биледі. Және мерекелік іс-шара жоғары дәрежеде бағаланды.



Желтоқсан айында тұңғыш президентіміздің сайланған күніне орай «Елін сүйген елбасы» атты ұйымдастырылған ашық оқу қызметі өткізілді.



16-желтоқсан «Тәуелсіз Қазақстаным» атты ауқымды іс шара ұйымдастырылып, балалар онда түрлі өнер көрсетті.



26-желтоқсан аясында «Қош келдің жаңа жыл» атты іс-шара өткізілді.Ертеңгілікке балалар түрлі костюмдер киіп,қонаққа ақшақар мен аяз ата келді.



6 наурыз күні «Аяулы Анашым» атты мерекелік іс-шара өткізілді.Онда балалар аналарына арнайы қолөнерлерін көрсетіп сыйлық жасады,түрлі жылы сөздерге толы аналарына арналған тақпақтар айтты,ән салды,биледі.



22-наурыз қарсаңына арнайы ұйымдастырылған іс-шара өткізілді. Балалар түрлі ұлттық киімдерді киіп түрлі ойындар ойнап көңілді отырды. Онда алтыбақан, ханталапай, арқан тартыс т.б. ойындар өткізілді.



17-қаңтар күні

Ата-аналар жиналысы.

Күн тәртібінде

1.Баяндама: «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі»

2.Әр түрлі мәселелер

3.Жаңа оқу жылына дайындық

4.Кеңес: «Отбасы тәрбие мектебі»

Қатысқан – 17

Себепті -5

Себепсіз-3

1 Бірінші мәселе бойынша Баяндама: «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі» тақырыбы бойынша топ тәрбиешісі Ахлаева Айнұр оқыды. Балалардың тәрбие мәселесінде отбасы маңызды рөл атқарады.

Екінші мәселе бойынша Кеңес: «Отбасы тәрбие мектебі» тақырыбы бойынша топ тәрбиешісі егжей тегжейлі оқыды. Балалардың тәрбиесі қай жерде болмасын отбасының ықтималдығынан басталатынын күнделікті айтып отыру.

Жыл бойында екі рет ата-аналармен жиналыс өткізілді. Ертеңгіліктерге шақырылып отырылды. Хаттамалары түзілді. Жиналыста балалардың мінез қылықтары, тәртібі мен ынтасы туралы талқыланды. Ата-аналар комитеті тағайындалды. Балаларға қатысты кеңестер берілді. Төлемақыны уақытылы және толық төлену керек екендігі ескертілді.

Балалардың біліміне қатысты мониторинг алынды. Онда жақсы деген көрсеткішті көрсете білді. «білімі өте жақсы»-13бала, «жақсы»-10 «қанағаттанарлық»-2 деңгейді көрсетті. Алдағы уақытта балалардың білім деңгейлерін жетілдіруге үлес қосамыз.

14.04.2022ж күні Ахметова Арайлым Серікқызы «10 саны және цифры.Тура және кері санау» тақырыбында қорытынды ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өткізді.Және де нәтижесінде әріптестер жоғары бағалады.



20.04.2022 ж күні Абдикадирова Гаухартас Дәулетбайқызы «Жабайы жануарлар» атты тақырыпта орманға саяхат арқылы қорытынды ұйымдастырылған ашық оқу қызметін жүргізді жоғары дәрежеде өткізілді.



Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуы бойынша мониторинг жүргізілді.

-Бастапқы 1-10 қыркүйекте алынды. Балалардың даму деңгейлерін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға сәйкес баланың жетістіктерінің мониторингі негізінде 3-деңгейде жүзеге асырылды.

1-деңгей - бала белгілі бір қимыл мен біліктіліктерді қайталай алады.

2- деңгей - бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие.

3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білген білімін өздігінен емін еркін жасай алады.

Мониторинг бойынша балалардың көрсеткіші 2- деңгей, яғни екінші деңгейде баала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие.

Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша бес саланы қоса алғанда.

Балалардың үлгерімі 100%, оқу сапасы 92% құрады.

Бастапқы деңгей

Білім саласы	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Орта ұпайы	Білім сапасы
Денсаулық	8бала	13бала	5бала	3%	68%
Таным	19бала	16бала	4бала	4%	55%
Қатынас	16бала	9бала	0бала	3%	55%
Шығармашылық	12бала	11бала	0бала	3%	60%
Әлеумет	15бала	17бала	0бала	3%	55%

Аралық деңгей

Білім саласы	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Орта ұпайы	Білім сапасы
Денсаулық	9бала	15бала	5бала	3%	68%
Таным	6бала	7бала	0бала	4%	55%
Қатынас	5бала	14бала	5бала	3%	55%
Шығармашылық	7бала	9бала	5бала	3%	60%
Әлеумет	4бала	5бала	0бала	3%	55%

Қорытынды деңгей

Білім саласы	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Орта ұпайы	Білім сапасы
Денсаулық	0бала	9бала	16бала	4%	73%
Таным	0бала	6бала	19бала	4%	82%
Қатынас	0бала	4бала	21бала	5%	88%
Шығармашылық	0бала	15бала	10бала	3%	55%
Әлеумет	0бала	10бала	14бала	3%	66%